

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

3. Цит. по: Левчук А. Военное присутствие США в Японии. Проблема американских баз на Окинаве. [Электронный ресурс]. [текст]<http://www.vostokoved.ru/books/3-book3/59---q-----q.html>[текст]
4. Парамонов О.Г. Адаптация американо-японского альянса к вызовам нового столетия: успехи и неудачи. [текст] [стр. 41]. Вестник МГИМО-Университета. 2011. № 4 (19).
5. Морено Я. Будущее поколение обосновывает силы самообороны. стр. 35-67 [текст]

ӘОЖ 82'37:94(5)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДА БЕСІК ЖАБДЫҚТАРЫ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВО-СЕМАНТИКЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рүстемова Фариза Жандарбекқызы

fariza.95_23@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Е.А.Қуанышбаев

Әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, этномәдени құндылықтары қалыптасады.

Қазақтың этномәдени құндылықтарының бір саласы — халықтың кәсіби және тұрмыстық фольклоры. Халқымыздың тарихи-шаруашылық, тұрмыс-тіршілік болмысына байланысты: аңшылығы, саятшылығы, ағаш, тері, жүн өндеуге қатысты қолөнері, зергерлік өнері т.б. сан-алуан өнерлері. Әсіресе, халық данышпандығының бар асылын бойына жинаған сәндік-қолданбалы өнері – халқымыздың қоршаған өмір шындығын музыкалық, поэтикалық және басқа эстетикалық дәстүрлер аясындағы эмоциялық сезімдері мен эстетикалық талғамдарын қалыптастырған этномәдениетінің қайнар көзі. Бұл саладағы өткенгі және қазіргі қолөнер бұйымдары, халқымыздың көркем-шығармашылық дәстүрлері мен рухани-материалдық мәдениетінің құндылықтарын сақтауға, игере отырып байыта түсуге жетелейді.

Қазақ қолданбалы өнерінде өшпестей өзінің орнын тепкен, қазақ халқының тұрмыстық жағдайына лайықталған, көшпелі өмір салтына ыңғайлы табиғи дүниелердің бірі – *бесік*.

Бесік – көшпелі ғұмыр кешкен бабаларымыздан қалған қасиетті мұра. Қазақта “Бесік көрмеген ессіз болып есікке енеді”, “Есік арқалағаннан бесік арқалаған артық”, “Төрінде бесік тұрса, төре де бас иеді” деген ұлағатты сөздер содан қалған. Бесік – көшпелі тұрмысқа бейімделіп жасалынған. Көшпелі тұрмысқа бейімділігі сонша, бесікті анасы атқа мінгенде алдына өңгеріп алып жүре береді. Жол қанша ұзақ болса да бала қиналмайды, бейқам ұйқысы бұзылмайды. Тау – тастан асып, жауын – шашынға ұрынса да, нұқсан келмейді. Ұзақ жол үстінде де ешбір жері былғанбайды.

Ал бесіктің құрылымы балаға гигиеналық тәрбие беруге лайықталған әрі алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Ол баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына жағдай жасайды. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне тиімді.

Бесік сөзі барлық түркі халықтарына ортақ атау әрі ортақ мүлік. Жалпы түркі халықтарында бесік төмендегідей диалектикалық өзгерістермен қолданылады: **Қыпшақ тілдер тобына** жататын **қырғыз тілінде** «*бешик*» [10, 133 б.], **ноғай тілінде** «*бесик*» [11, 256 б.], **қарашай-балқар тілінде** «*бешик*» [12, 230 б.], **құмық тілінде** «*бешик, ғыйлек*» [13, 341 б.], **башқұрт тілінде** «*сәңгелдәк, бишек*» [14, 307 б.], **алтай тілінде** «*кабай, буубай*» [15, 250 б.] деп аталады. **Оғыз тілдер тобына** жататын **түрік тілінде** «*beşik немесе бешик*» [16, 332

б.], түрікмен тілінде «салланчак» [17, 561 б.]деп аталса, қарлұқ тілдер тобына жататын ұйғыр тілінде «бөшүк» [18, 492 б.], өзбек тілінде «бешик, беланчак» [19, 300 б.] деп аталады.

Ендігі кезекте **бесік құрылысы** мен **жабдықтары** жөнінде бірер сөз және басқа түркі халықтарындағы атауларына тоқталып кетелік.

Қазақта бесік қасиетті, құтты мүлік болып есептелетіндіктен, оны жасау да киелі іс болып саналады.

Бесіктің қай жерлерде болсын өзгермейтін **құрылысы** : 1. Алдыңғы бас (бөген). 2. Артқы бас (бөген). 3. Белағаш (арқалық, арыс). 4. Жақтау. 5. Жорға (табан). 6. Сабау. 7. Тақтай. 8. Түбек. 9. Шабақ. 10. Шүмек (2-сызба және 4-сурет).

Бесік жабдықтары: 1. Бесік көрпе. 2. Жөргек. 3. Қолбау. 4. Құсжастық. 5. Құстөсек. 6. Тізебау. 7. Тізе жастықша. 8. Түбек мүйет (кепіл) (2-сызба).

Бесік құрылысында әр бөліктің өзіндік атауы мен атқаратын қызметі бар. Оның жабдықтары да әр түрлі әбзелдерден тұрады. Бесіктің құрамы негізінен 15 бөліктен тұрады. Олар: белағаш, 2 бөген, 4 жақтау, 4 шабақ, 2 сабау, 2 жорға.

Енді **бесік құрылысына** және **басқа түркі халықтарындағы атауларына** жеке-жеке тоқталып өтейік:

1. АРҚАЛЫҚ (белағаш, арыс). Бесіктің екі басын көтеріп тұратын білеу, қондырғы. Арқалық – бесіктің екі басын қосып тұратын үстіңгі ағаш (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Күйеуі Ақберген екеуі ана жақта қартшыларын айналдырып жатқанда, Ақбілек бесіктегі бөбегін тырбиған саусағынан сүйіп, арқалығына асылып, еміреніп, емізіп отырды (Ж. Аймауытов, Ақбілек). Арқалыққа салбыратып, Сылдырмақтай тағады бөпежаны, Саусақ айын шолтаңдатып, Қашан ойнап жатады? (Ж. Аймауытов, Шығ.). Арқалық – 70-75см, ұстап тұтынуға ыңғайлы бесіктің ең үстіңгі көлденең жұмыр белағаш [20, 618 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – чабак жыгач; **қарашай-балқарша** – аралыкъ, кепюр ағач; **башқұртша** – арқыры ағас, тата, басма; **ноғайша** – тартпы, коьлденен салынган ағаш; **құмықша** – гёнденен аркъалыкъ; **алтайша** – туура ағаш, кечире салган ағаш. **Оғыз тілдер тобы: түрікше** – kol. **Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше, ұйғырша** – хари.

2. БӨГЕН зат. қолөнер. Бесіктің иілтіп жасалған басы. Бөген – бесіктің негізгі екі бас жас талдың екі ұшынан бір қарыстай өлшеп алып, орта тұсын өзегіне шейін кертіп, жартылай жонған соң, морға салып қыздырып, қыртысын сыртына қарата иіп, бірнеше күн көлеңкеге кептіреді (Д. Шоқпарұлы, Ата салт.). Қос жорға кейде бесік бөгендеріне (бесіктің иілген басы) қарама-қарсы бекітілді. Жорғаның жоғарғы, яғни бесік қырына бекітілген қыры қайқы болды [21, 525 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қарашай-балқарша – планка (джукъа ингичге къангачыкъ) ; **башқұртша** – планка, йока тар такта ; **құмықша** – планка, тар юкъкъа узунсув такъта ; **алтайша** – планка (жука тұс жарчаа). **Оғыз тілдер тобы: түрікше** – kasnak ; **түрікменше** – планка. **Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше** – узун тахтача ; **ұйғырша** – неппис тахтай.

3. ЖОРҒА (табан) зат. Бесіктің екі жағындағы ұзын сырық. Қос жорға кейде бесік бөгендеріне (бесіктің иілген басы) қарама-қарсы бекітіледі. Жорғаның жоғарғы, яғни бесік қырына бекітілген қыры қайқы болады [22, 490 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша, алтайша – таман ; **башқұртша, ноғайша** – табан. **Оғыз тілдер тобы: түрікше** – taban ; **түрікменше** – дабан. **Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше** – таглик; **ұйғырша** – тапан.

4. ТҮБЕК зат. этн. Сәбиді бесікке бөлегенде, жаялықтары былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнатқан нәрестенің дәреті жиналатын ыдыс. Можанның үйіне қашан барсаң да түбегі қаңсып, жөргек сасып отыратын (Ө. Кекілбаев, Дала.) Түбек – жас баланың бесігіне байлап қоятын өрнектеп тіккен киіз қалта [23, 456 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – күлтүк.

5. ШҮМЕК зат. этн. 1. Бесіктегі сәбидің кіші дәреті үшін, қойдың асық жілігінен екі басы тесіліп жасалынған түтік. Жылама бөпеш, жылама! Байқасқаның құйрығын Жіпке тағып берейін ... Ақша асық жілігін Шүмек қылып берейін (Ө. Тұрманжанов, Танд. өлең.).

Жөргегі, тартпалары, астындағы тесігі, *шүмегі*, түбегімен баланың таза, жинақ жатуына көп себепші [24, 487 б.].

Қырғыз тілдер тобы: қырғызша – шимек. Қарлұқ тілдер тобы: ұйғырша – шүмәк.

6. ШАБАҚ - екі бөгеннің аяқтарын қосып тұратын ұзын жақтауларға біркелкі қашықтықта көлденең қашалып бекітілген бесік еніндей тақтайша [3, 135 б.].

7. САБАУ. Ол – 2. Екі бөгенді қосып тұратын екі ұзын жақтаудың астына түсетін, бесік ұзындығына тең жұмыр ағаш [3, 135 б.].

8. ЖАҚТАУ. Оның саны – 4. Екі үлкен жақтаудың ұзындығы арқалықпен бірдей, қос бөгеннің аңғарларын керіп тұратын екі қысқа жақтаудың ені бесік еніне тең болып келеді [3, 135 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – кашек; қарашай-балқарша – рама; башқұртша, құмықша, алтайша – рам. Оғыз тілдер тобы: түрікше – çerçeve; түрікменше – рама. Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше – ёндор; ұйғырша – рама.

9. ТАҚТАЙ. Бесіктің түбегі орналасатын, төсек салынатын ортасындағы бөлігі [3, 135 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – такта; қарашай-балқарша – къанга, доска; башқұртша, ноғайша – такта; құмықша – такъта; алтайша – доско. Оғыз тілдер тобы: түрікше – tahta; түрікменше – тагта. Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше, ұйғырша – тахта.

Енді *бесік жабдықтарына* тоқталып өтейік:

1. БЕСІК ЖАПҚЫШ. этн. *Бөленген сәбиді маса-шыбыннан, желден, күн көзінен, суықтан қорғау үшін бесік үстіне жабылатын, кестелеп тігілген сәнді мата. Бесікжапқышты жабу*[21, 296 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – жабуу; қарашай-балқарша – джабыу; башқұртша – ялма, ябыу; ноғайша – яюв, ондырык яюв; құмықша – шаршав, уьстден ябылагъан шаршав; алтайша – ангылу бѳстѳн эткен жукачак јабынты, жукачак одяла. Оғыз тілдер тобы: түрікше – beşik örtü, yatak örtüsü; түрікменше – örtqi. Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше – парда, чойшан; ұйғырша – япқуч.

2. БЕСІКБАУ(тартпа) зат. этн. *Ұштары бесіктің екі жанындағы сабау ағаштарға тағылатын, тізеліктің үстінен түсетін, биязы жүннен тоқылған құр немесе екі-үш қабат матаны сырып, баулары ызылып жасалған тартпа бау. Бесікбаудың екінші ұштары арқалыққа байланады (Ж. Кейкін, Қазақы атау)* [21, 297 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – боортко; қарашай-балқарша, башқұртша, ноғайша, құмықша – айыл; алтайша – колон. Оғыз тілдер тобы: түрікше – kolan; түрікменше – ceki. Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше – пуштан, айил; ұйғырша – тартма, төшбаг; каша(қол тартқу).

3. ЖӨРГЕК зат. 1. *Жас нәрестені бөлеп орайтын, талдырып басылған жұқа төсеніш немесе арасына мақта салып сырылған көрпеше. Қазақ бесігі – аса ұсталықпен жасалған нәрсе. Жөргегі, тартпалары, астындағы тесігі, шүмегі, түбегімен баланың таза, жинақ жатуына көп себепші (М. Жұмабаев, Шығ.). Жұқа өнді егделеу әйел жөргекке оралған нәрестені кеудесіне қысып емізіп отыр (Қызыл жалау). Қолында жөргекке ораған баласы бар әйел келеді (С. Шаймерденов, Қарғаш)* [22, 517-518 бб.].

Қыпшақ тілдер тобы: қарашай-балқарша – бешик бусхул; башқұртша – юргәк, биләу; құмықша – яшны къуннакълайгъан, чырмайгъан гиччи шаршав; алтайша – чуу. Оғыз тілдер тобы: түрікше – kundak bezi, çocuk bezi; түрікменше – gundag. Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше – йўргак; ұйғырша – йөгәк.

4. ЖАСТЫҚ. Бесік енімен бірдей етіп жасалады. Арасына құс мамығы толтырылады [3, 135 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – жаздык; қарашай-балқарша –джастыкъ; башқұртша – мендәр; ноғайша – ястык; құмықша – ястыкъ; алтайша – јастык. Оғыз тілдер тобы: түрікше – yastık; түрікменше – ýassyk. Қарлұқ тілдер тобы: өзбекше – ёстик; ұйғырша – ястук.

5. ҚҰСЖАСТЫҚ. *Құс мамығынан жасалған жастық.* Ералы етігін шешпестен үлкен құс жастыққа қисая кетті (М. Жұмағұлов, Қыран.) [25, 447 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – *куш жаздық*; қарашай-балқарша – *кьуш джастыкъ*; ноғайша – *юмсақ юннен этилген ястык*; құмықша – *къув ястыкъ*; алтайша – *юн ястык*. **Оғыз тілдер тобы:** түрікше – *tüy yastık*; түрікменше – *ýassyk*. **Қарлұқ тілдер тобы:** өзбекше – *пар ёстик*; ұйғырша – *мамуқ ястук*.

6. ҚҰСТӨСЕК зат. *Құс мамығынан жасалып, матамен тысталған төсеніш көрпе.* Жағыпар құстөсекке шалқасынан көсіле түсіп, үнсіз жатыр (С. Жүнісов, Өшп. іздер.). Дүниенің осы тұрған жер бетінде Бар ма екен пақыр адам мен бейбақтай ? Қатты деп құстөсекті назданушы ем, Апырай, жамбасыма батты-ау тақтай! (Ә. Найманбаев, Шығ.) [25, 453 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – *олпок*; қарашай-балқарша – *кьуш төшек*; башқұртша – *түшәк*; ноғайша – *улпа тоьсек, кушын тоьсек*; құмықша – *къув төшек, тюк төшек*; алтайша – *перина (куштын жунынан эткен төжөк)*. **Оғыз тілдер тобы:** түрікше – *kuş tüyünden döşek*; түрікменше – *ýelek düşekçe*. **Қарлұқ тілдер тобы:** ұйғырша – *мамуқ чүшәк*.

7. КӨРПЕ - матаның арасына мақта немесе жүн (әсіресе түйенің) салып тіккен жамылғы әрі төсеніш. Ол *жамылғы көрпе* және *төсек* (төсеніш) *көрпе* болып бөлінеді. Көрпенің астары жай матадан, тысы асыл матадан тігіледі. Жамылуға арналған көрпе бір кісілік, екі кісілік болады. Төсек көрпенің сыртқы астарын маталардың қиығынан құрап тіксе, оны «Құрақ көрпе» дейді. Жамылғы көрпенің ұзындығы кісінің бойына лайық жасалады. Баланың бесігіне жабатын көрпені «Бесік көрпе», бала орауға арналған көрпені «Орауыш көрпе» дейді. Бұлардың ұзындығы және ені бесіктің бас-аяғына, баланы орауға кең мол жететіндей болу керек [26, 96 б.].

Қыпшақ тілдер тобы: қырғызша – *жууркан*; қарашай-балқарша – *джууургъаан, джабыу*; башқұртша – *юрған, одеял*; ноғайша – *ювыркан, юркан*; құмықша – *ювургъан, адиял*; алтайша – *жууркан, одяла*. **Оғыз тілдер тобы:** түрікше – *yorgan*; түрікменше – *körpeçe; ýorgan*. **Қарлұқ тілдер тобы:** өзбекше – *кўрна, одеял*; ұйғырша – *көрпә, йотқан, одеял*.

Қазақ халқының мәдениетінде орны ерекше болып табылатын сәбиді қырқынан шығару, бесікке бөлеу дәстүрі, бесік той, бесікке байланысты қолданылатын терминдердің қырғыз, қарашай-балқар, ноғай, түрік, ұйғыр түркілерімен ұқсас тұстарын саралап, тізбектеп көрелік:

1) Барлық түбі бір түркі халықтарында (қазақ, қырғыз, ұйғыр, қарашай-балқар, ноғай, түрік) сәбидің туылғанына қырық күн толғаннан кейін «қырқынан шығару» ырымы орындалып, баланы бесікке бөлейтін болған. **Қазақтарда** «қырқынан шығару», **ноғайларда** «*kırıklama, kırk dökte* немесе *çıkarma*», **түріктерде** «*kırklama*», **ұйғырларда** «*қирқи сүйини куюш*» деп аталынады;

2) Жоғарыда аталған барлық халықтарда сәбиді бесікке бөлеместен бұрын *бесікті жсын-шайтандардан қору үшін аластап алатын* болған;

3) **Қазақтар** мен **ұйғыр** халықтарында ер балаларды 40 күнге жеткізбей 38-39 күн болғанда, қыз балаларды болса 40 күннен асырып қырқынан шығаратын болған.

4) **Қазақтарда** сәбиді «бесікке салу» 7-8 күннен кейін орындалса, **қырғыздарда** сәбидің кіндігі түскеннен кейін, 15 күннен кейін, **қарашай-балқар** халқында бала дүниеге келгеннен бір аптадан кейін орындалатын болған;

5) **Қазақтарда** «бесікке салу», **қырғыздарда** «*бешикке салуу*», **қарашай-балқарларда** «*beşik bölegen*», **түріктерде** «*beşik beleme*», **ұйғырларда** «*бөшүккә бөләш*» деп аталынады;

6) Жоғарыда аталған барлық түркі халықтарында сәбиді бесікке салу кез келген әйелге жүктелмейді, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, өнегелі әжелерге немесе әйелдерге тапсырылады;

7) **Қазақтар** мен **қырғыздар** бала бөлеген есіктің үстіне *жеті нәрсе* (бесік көрпе, кебенек, тон, т.б.) жабады.

8) **Қазақтар** мен **қырғыздарда** сәбиді бесікке салу рәсімінде бесікке салған әже бесіктің үстіне мініп алып, қолына қамшы ұстап, атпен шабу жоралғысы орындалатын болған. Отырғандар: «Әже, қайда барасыз?» деп сұрайды да, әже оларға: «Меккеге барамыз» деп жауап қайыратын болған. Мұндағы бесікке мінгені – баланың мінгені. Меккеге дегені кейін бала ер жеткеннен кейін Меккеге апарып келсе деген арман-қиялын, тілегін білдірген.

9) Нәрестені тіл көзден, кесір пәлекеттен сақтасын деп, ырымдап бесіктің басына, арқалығына *үкі, тұмар, бүркіт тұяғын, боялған асық* сияқты т.б. заттар тағып қойған.

Қазақта бесікке тұмар тағу «*бесік тұмарлау*»деп аталатын болған [1, 296 б.].

10) Бесікке бөленген нәресте қыз бала болса, бесігінің жастығының астына жүзі жарқын, қолы ұзын болсын деген ниетпен *айна, тарақ, қайшы*, ұл бала болса *пышақ*, т.б. заттар қоятын болған.

11) Нәрестені бесікке бөлеп болғаннан кейін, бесік жыры айтылады, бесік жырын тыңдаған баланың қанына ұлттық қасиет дариды;

12) Сәбиді қыркынан шығарып, бесікке салғаннан кейін, көрші-қолаң, туған-туысқан, ауыл-аймақ жиналып «*бесік той*» жасалатын болған. Әр үй өздерімен тәттілерін, шашуларын, сәбиге, үй иесіне деген сыйлықтарын алып келетін болған. **Қазақтарда** «*бесік той*», **қырғыздарда** «*бешик той*», **ноғайларда** «*бесик той*», **түріктерде** «*beşik düğün*», **ұйғырларда** «*бөшүк той*» деп аталынады.

Жалпы бұл зерттеуімізде түркі тілдерінен оғыз, қыпшақ және қарлұқ тілдік топтарына кіретін түркі тілдерінің әдеби еңбектері мен сөздіктерін зерттей отырып жүргіздік. Мақсатымыз түркі халықтарында бесік мәдениеті мен оған қатысты сөз тіркестері, қалып сөздер, фразеологизмдер мен ырым тиымдарды анықтап ортақтықтары мен айырмашылықтарын анықтау болып табылды.

Көріп отырғанымыздай бесік құрылысы мен жабдықтарының атауларының түркі халықтарында да қолданылуы бесіктің тек қазақ халқына ғана тән емес екендігін және қазақ халқы ғана қолданбайтынын, барлық түбі бір түркі халықтарына ортақ мәдениет екендігін көруімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б. Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. 3-том. – Б–Б. – 744 б.
2. Салт-дәстүр сөйлейді: отбасы хрестоматиясы / С. Керімбай. – Алматы: «Орхон» баспасы, 2014. – 287 б.
3. Бесік түрлері және оның жасалу жолдары / Д. Ж. Куспеков. Библиогр.: с. // Зерттеуші = Исследователь. – 2012. - № 12(80). – 128-136 б.
4. Казахская юрта / М. С. Муканов. – Алма-ата: Кайнар, 1981.
5. Якутско-русский словарь / под ред. П. А. Слепцова. – М.: Советская энциклопедия, 1972. – 608 с.
6. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / Э. В. Севортян. – М.: Наука, 1978. – 349 с.
7. Бес жүз бес сөз / Э. Нұрмағамбетов. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
8. Словарь якутского языка / Э. К. Пекарский. – М.: Издательство АН СССР, 1959. В 2 т. – 2-е изд.
9. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері : өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 428 б.
10. Киргизско-русский словарь (около 40000 слов) / проф. К.К. Юдахин. – Москва: Издательство «Советская энциклопедия», 1965. – 973 с.
11. Русско-ногайский словарь (около 20000 слов) / Под ред. проф. Н.А. Баскакова. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1956. – 735 с.

12. Русско-карачаево-балкарский словарь(около 35000 слов) / Под ред. Х.И. Суюнчева, И.Х. Урусбиева. – Москва: Издательство «Советская энциклопедия», 1965. – 744 с.
13. Русско-кумыкский словарь(30000 слов) / Под ред. З.З. Бамматова. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1960. – 1148 с.
14. Русско-башкирский словарь (46000 слов) / Издательство «Советская энциклопедия». – Москва, 1964. – 985
15. Русско-алтайский словарь (около 33000 слов) / Под ред. Н.А. Баскакова. – Москва: Издательство «Советская энциклопедия», 1964. – 875 с.
16. Русско-турецкий словарь(47700 слов) / Э.М.Мустафаев, В.Г.Щербинин . – Москва: Издательство «Советская энциклопедия», 1972. – 1028 с.
17. Туркменско-русский словарь (40000 слов) / Под ред. Н.А. Баскакова, Б.А. Каррыева, М. Я. Хамзаева. – Москва: Издательство «Советская энциклопедия», 1968. – 832 с.
18. Русско-уйгурский словарь(30000 слов) / Под ред. Т. Р. Рахимова. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1956. – 1473 с.
19. Русско-узбекский словарь (50000 слов) / Под ред. Р. Абдурахманова. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1954. – 1043 с.
20. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том / Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. 1-том. – А – А. – 752 б.
21. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. 3-том. – Б–Б. – 744 б.
22. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. 6-том. – Ж–Ж. – 752 б.
23. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. 14-том. – Т–Ұ. – 800 б.
24. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. 15-том. – Ұ–Я. – 828 б.
25. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. 10-том. – Қ–М. – 752 б.
26. Шаңырақ (Қысқаша үй-тұрмысы энциклопедиясы) / Бас редактор Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қаз. Сов. энцикл. Бас редакциясы. – 1990. / Ред. коллегия Ж. А. Адаев, Х. А. Арғынбаев, Н. А. Барлыбаева т.б. – 568 б.
27. Қазақ фольклоры және дәстүр сабақтастығы / А. Әбілов, Р. Салманов. – Қызылорда: «Тұмар», 2007. – 288 б.
28. Қазақ халқының салт-дәстүрлері (Орта мектептің VIII-IX класстарына арналған оқу құралы) / С. Қалиев, М. Оразаев, М. Смайылова . – Алматы : «Рауан» баспасы, 1994. – 223 б.
29. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 б.
30. <http://www.azattyk.org/content/article/1214842.html>
31. <http://www.bilgicik.com/yazi/ninni-nazim-bicimleri/>
32. <http://archive-kz.com/page/3386919/2013-12-21>
33. <http://beka.uz/oila/bolajonlar/onalar-allasi>
34. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / Н. Шәйкенов. – Алматы: Қазақстан, 1974.
35. Тал бесіктен жер бесікке дейін / А. Нүсіпоқасыұлы. – Алматы: «Өнер 21-ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 592 б.
36. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек) / Х. Арғынбаев. - Алматы: «Қайнар», 1996. – 288 б.
37. Қазақтың 6000 мақал-мәтелдері : басылымдағы тақырып туралы / Құрастырушы Ө. Мұқанұлы. – Астана, 2011. -256 б.
38. Қазақ мақал-мәтелдерінің АЛТЫН КІТАБЫ (8675 мақал-мәтел) / құраст. Ж. Кейкін. – Алматы: «Аруна» баспасы. – 632 б.
39. Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері / жалпы ред. басқ. профессор С. Садырбайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 230 б.

40. Қазақтың мақал-мәтелдері / құраст. А. Т. Смайлова. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2005. – 400 б.
41. Атадан өсиет, анадан қасиет. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі / Ж. Кейкін. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 448 б.
1. 42. <http://kyrgyzinfo.ru/makal/kyrgyz-el-makaldary-b-tamgasy-1500-makal.html>
42. http://www.dersimiz.com/atasozleri_sozlugu.asp?islem=aramasonuc
43. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең / Д. Кішібеков. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
44. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы / А. Қалыбекова. – Алматы: «Баур» баспасы, 2011. – 488 б.
45. <http://www.super.kg/mobile/article/show/13889>
46. http://massaget.kz/mangilik_el/kazakstanda_jasalgan/15037/

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. http://uy.ts.cn/silafu/wenhua/content/2009-06/19/content_205701.htm
2. <http://www.lady.kg/node/2345>
3. <http://www.super.kg/mobile/article/show/13889>
4. <http://www.tarmpi-innovation.kz/index.php?view=dastur>

УДК: 82.091:821.512.122+821.531-1

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ КАЗАХСКОЙ И КОРЕЙСКОЙ ПОЭЗИИ НАЧАЛА XX ВЕКА

Сагынғалиева Нурсулу Кайратовна

sulu.1202@mail.ru

Студентка 3 курса кафедры востоковедения ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.
Научный руководитель – С.Ж. Сабитова

Период присоединения Казахстана в состав Российской империи был связан с историей освоения региона. То есть, это была земельная колонизация со всеми вытекающими последствиями в демографическом, экономическом, социальном и других отношениях. Самым главным вопросом того периода был - земельный вопрос. На рубеже XIX - начало XX вв. грабительский захват со стороны Российской империи наблюдался на территории казахской степи. Именно тогда начали создаваться разного рода оппозиционные группировки. В 1916 г. рост классового и национального угнетения, ненависти к войне становился повсеместным. Война ускорила процесс создания оппозиции. Одним из ярких оппозиционных движений является национально-освободительное восстание 1916 года, которое захватило все регионы Казахстана и Средней Азии. Одним из главных поводов к недовольству масс был царский указ от 25 июня 1916 г. о мобилизации в армию на тыловые работы «инородческого» мужского населения Казахстана, Средней Азии и частично Сибири в возрасте от 19 до 43 лет. Планировалось использовать их для работ по устройству оборонительных сооружений и путей военных сообщений в районе действующей армии [1].

Аналогичная ситуация сложилась и на Востоке – начало XX века было для корейского народа периодом бедствия и угнетения со стороны Японии. Период японского колониализма датируется с 1910 по 1945 года. В это время Корея не обладала суверенитетом, власть на полуострове принадлежала японскому генерал-губернатору. В первое и последнее десятилетия этого периода колониальные власти проводили жёсткую авторитарную политику в отношении населения, а на протяжении всего периода корейский народ подвергались дискриминации.

В такое переломное время для казахского и корейского народа единственным способом самовыражения была литература. Благодаря литературе, люди могли передавать свои истинные чувства и эмоции. Как писал знаменитый бразильский писатель, общественный и